ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қаңтар № 4712-24-00-2/4930іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ИП Alem 8» басшысы Қали Қуаныш Тілеубердіұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ИП Alem 8» басшысы Қали Қуаныш Тілеубердіұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ИП Alem 8» басшысы Қали Қуаныш Тілеубердіұлынан Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына 5 201 (бес мың екі жүз бір) теңге тұрақсыздық айыбы, 156 (бір жүз елу алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 10.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.02.2025, судья Аташева А. О., 11.02.2025
4712-24-3-1/4547

ИП Alem 8» басшысы Қали Қуаныш Тілеубердіұлынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 10.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.02.2025, Судья Аташева А. О., 11.02.2025